

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021
Нұр – Сұлтан**

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

T29

Редакция алқасы

МАЙДЫРОВА А.Б. - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БАЙЖОЛОВА Р.А. - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БЕРЖАНОВА А.М. - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЖАНАБАЕВА Ж.К. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

АУЕЛБЕКОВА А.К. - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С. - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

КАЗБЕКОВА З.К. - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

НҰРЛАНҰЛЫ А - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ISBN 978-601-337-610-3

T29 "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

ISBN 978-601-337-610-3

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

трансформациясын тиімді басқару бизнес, ғылым, білім және үкіметтің үйлесіміне байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Воробьев А.Е. Технология «умных скважин» // Вестник АИНГ (Казахстан). - №3 (39). - 2016. -С.3 - 11.
2. Кочнев А.А. Концепция «Интеллектуального» месторождения // Master's Journal. - № 2. - 2015. -С.165 - 171.
3. Дмитриевский А.Н., Мартынов В.Г., Абукова Л.А., Еремин Н.А. Цифровизация и интеллектуализация нефтегазовых месторождений // Современные методы и алгоритмы систем автоматизации (СА) В НГК. - № 2. - 2016. -С.13 - 19.
4. Еремин Н.А., Абукова Л.А., Дмитриевский А.Н. Цифровая модернизация газового комплекса // Актуальные вопросы разработки и внедрения малолюдных (удаленных) технологий добычи и подготовки газа на месторождениях ПАО «Газпром»: Доклады заседания секции «Добыча газа и газового конденсата» Научно-технического совета ПАО «Газпром» г. Светлогорск, 22 - 26 мая 2017 г. / ПАО Газпром. - 2017. -С.9 - 20.
5. Бетелин В.Б. «Цифровое месторождение» - путь к трудноизвлекаемым запасам углеводородов // Инновации. - №1 (183). - 2014. - С.37 - 38. Электронный ресурс. -Режим доступа: //cyberleninka.ru
6. Гиниятов М.Ю. Интегрированное решение для добычи нефти и газа. Интеллектуальное месторождение //СФЕРА. Нефть и газ. 2017. №5. -С.14-19. [Электронный ресурс]. - Режим доступа: http://www.s-ng.ru/pdf/main_2115.pdf
7. Беспроводные технологии в «цифровом» нефтегазовом промысле [Электронный ресурс]. - Режим доступа: [http:// controleng.ru/besprovodny-e-tehnologii/tsifrovoye-mestorozhdenie](http://controleng.ru/besprovodny-e-tehnologii/tsifrovoye-mestorozhdenie)
8. Цифровая добыча нефти: тюнинг для отрасли //VYGON Consulting [Электронный ресурс]. - Режим доступа: https://vygon.consulting/upload/iblock/d11/vygon_consulting_digital_upstream.pdf

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ИНФЛЯЦИЯМЕН КҮРЕС

Қапанова А.Қ.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

kapanova-2021@mail.ru

Қазақстан экономикасы нақты жұмыс істейтін нарықтық экономикаға құрылған. Бүгінде еліміз әлемнің ең серпінді дамып келе жатқан елдерінің бірі саналады. Қазақстан тәуелсіздігін алғанына аз уақыт болсада, қысқа мерзім аралығында экономикалық өрлеу, өндіріс ауқымының өсуі байқалып отыр.

Өнеркәсіп салаларында әлемдік нарықта сұранысқа ие және бәсекеге қабілетті. Алайда, Қазақстанның экономикасының дамуын шектейтін біршама мәселелер белен алуда. Әсіресе, баға деңгейінің тұрақтылығы, жалақы, жұмыссыздық т.б экономикаға әсер ететін күрделі мәселелер туындап отыр. Және сол мәселелердің шешімін табу негізгі мақсат.

2020 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша Қазақстандағы жұмыс күші 9 180,8 мың, соның ішінде жұмыссыздық деңгейі 4,8% - ды құрады. Бұл ретте жұмыссыз халықтың саны 448,4 мың адамға жетті. Осы орайда жұмыссыздық мәселесі белен алып жатқан Шығыс Қазақстан облысы. Шығыс Қазақстан — Қазақстан Республикасының өнеркәсіп өндірісіндегі көшбасшылардың бірі. Шығыс Қазақстан облысы пайдалы қазбалардың басты «қоймасы» болып саналады, мырыш, титан, магний, тантал және басқа да сирек кездесетін металдарды еліміз бойынша бірден-бір өндіруші [1].

Шығыс Қазақстан - Республикамыздағы экономикалық аудандар арасында ауданы жағынан ең кішісі - 283 300 км². Халқының саны жағынан экономикалық аудандар арасында соңғы орында - 1 379 739 адам.

Басқа экономикалық аудандармен салыстырғанда (Ақмола, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай) жұмыс істейтін халқы бойынша Шығыс Қазақстанның үлес салмағы біршама жоғарғы, жалпы халықтың 71,3% жұмыспен қамтылған. Алайда, жұмысбастылыққа байланысты біршама шешілмей жатқан мәселелер бар.



Сурет 1. Шығыс Қазақстандағы негізгі экономикалық көрсеткіштер

Жұмыс күші - 15 және одан жоғары жастағы адамдар - ағымдағы жылдың III тоқсанында 703,6 мың адамды құрады.

Жұмыссыздық деңгейі 4,9% - ды құрайды. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің ұлттық статистика бюросының ақпараты бойынша әйелдер үлесіне жұмыссыздардың 59,5%, ерлер үлесіне - 40,5% келеді.

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, жұмыс күшіне кірмейтін адамдардың саны 350,2 мың адамды құрады. Олардың ішінде негізгі

үлесті зейнеткерлер (68,6%), сондай-ақ күндізгі оқу бөлімінің оқушылары мен студенттері (14,5%) құрады [2].

Жұмыссыздық қазіргі таңда маңызды макроэкономикалық проблема болып табылады. Осы тұста жұмыссыздық не себепті туындап отыр? Шығыс Қазақстан өндіріс орындары дамып отырған, белсенді облыс болса да не себепті жұмыссыздық мәселесі белен алуда? Себебі неде? деген біраз сұрақ туындайды.

Статистикалық деректерге қарасақ ШҚО-дағы жұмыссыз халықтың 41,2% 25 жасқа дейінгі жастар екен. Дерек көздеріне сүйене келе, жастар арасындағы жұмыссыздықтың басты себебі – коллеждермен жоғарғы оқу орындарының аздығы, сапасының төмендігі, жоғары оқу орындарын таңдау барысындағы қателіктер, тиісті іс-шаралардың жетіспеушілігі [3].

Біріншіден, Шығыс Қазақстанда жоғары оқу орындар саны аз. Жалпы алғанда 6 университет бар.

Екіншіден, университеттердің білім сапасы төмен, практика аз, көптеген студенттер оқуын аяқтаған соң білімнің жеткіліксіздігінен өз мамандығымен жұмыс істегісі келмейді. Содан кейін көп жағдайда жұмыссыз қалады.

Сонымен, қатар жұмыссыздардың қатарында ер азаматтарға қарағанда әйелдер саны көбірек. (жұмыссыз әйелдер 59,5%, ерлер - 40,5%)

Осы мәселелерді шешу үшін не істеу керек?

Менің ойымша, егер келесі шараларды қолдансақ, Шығыс Қазақстандағы жұмыссыздар санын азайтуға болады:

Жоғары оқу орындардың білім сапасы нығайту. Колледждер мен жоғары оқу орындарды өндіріс орындарымен, ауруханалармен, мектептермен тығыз байланысты болуы тиіс, өйткені білім алған студент осы өзара іс-қимылдың арқасында өзіне лайықты жұмысқа тез орналаса алады. Мысалы, жұмыспен қамту орталығы қалалық ауруханаға қандай қызметкерлер қажет екенін сұрады. Аурухана бос жұмыс орындарының тізімін және жаңа қызметкердің критерийлерін келтірді. Жұмыспен қамту орталығы осы тізімді алғаннан кейін оны университетке жібереді, ал олар ең алдымен критерийлер бойынша студенттер арасынан аурухананың жаңа қызметкерін таңдайды.

Шағын бизнесті қаржыландыру. Бағана, айта кеткендей жұмыссыз халықтың арасында әйелдер көп, осы арқылы олар үйде отырып-ақ жұмыс жасай алады, және шағын бизнесті қаржыландыру бизнесмен болуға көмектеседі. Бұл адамдарға жақсы өмір сүруге мүмкіндік беретін қаржы жүйесі.

Әрине Шығыс Қазақстанда толықтай жұмыссыздық мәселесін шешу үшін іс-шаралар ұйымдастыру керек деп айта алмаймыз. Мемлекет тарапынан түрлі бағдарламалар іске асып жатыр.

Мәселен, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша биыл шығыста 817 жоба жасалып, оған әр түрлі бюджет көздерінен 77 миллиард теңге бөлінді. Бағдарлама аясында тек Өскемен қаласында 30-дан аса нысанға жаңғырту жұмысы жүргізіліп жатыр.

Жол картасы аясында облыс бойынша 385 әлеуметтік нысан жөндеуден өтеді. Бұл дегеніміз 300 мыңнан астам азамат жұмыспен қамтамасыз етілді.

2020 жылғы «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы бойынша 1 387 адамды оқыту жоспарланған. Соның ішінде 928 адам қайта даярлау курстарынан өтсе, 352-сі өз кәсібилігін жоғарылатты, 107 адам сұранысы жоғары мамандықтар бойынша оқытылды [4].

Өскемен әкімінің баспасөз қызметінің мәліметінше, тамыз айының басына дейін 713 адам оқытылды. Қаланың 561 тұрғыны қайта даярлауды аяқтады, 100 адам кәсібилігін арттырды. Оны басқа сандар да растауда. 115 адам қайта оқытылып, барлығы жұмысқа тұрды.

Айта кету керек, Шығыс Қазақстанда жас мамандарды жұмысқа орналастыру бойынша тағы екі жоба белсенді қызмет етуде – «Жастардың іс-тәжірибесі» мен «Дипломмен ауылға». Өткен жылдың қорытындысы бойынша «Жастардың іс-тәжірибесі» жобасы аясында 1805 адам екі қолға бір күрек тапқан.

Жұмыссыздықтан бөлек тағы күрделі мәселелердің бірі облыстағы баға деңгейінің өсуі. Мәселен, облыс бойынша тұтыну бағаларының индексі жарты жылда 100,4 пайызды құрады.

Азық-түлік тауарларға бағалар 0,6%-ға көбейген. Азық-түлік тауарлары арасында сүт өнімдері - 0,9%-ға, жұмыртқа – 0,1%-ға, көкөністер - 3,3%-ға, жемістер - 1,1%-ға, кондитерлік өнімдер - 0,4%-ға, шай - 0,8%-ға көтерілуі тіркелген.

Азық-түлік емес тауардың бағасы 1,0% өскен, халыққа арналған қызметтер 0,5%-ға (денсаулық сақтау қызметтері – 1,3%-ға, білім - 2,4%-ға) өсті.

Азық – түлік емес тауарлардың ішінде киім және аяқ – киім 0,2%-ға, үй тұрмысындағы заттар – 0,4%-ға, дәрі-дәрмектер – 0,1%-ға қымбаттады [5].

Инфляциямен күресудің басты жолы ол мемлекет тарапынан баға деңгейін қадағалау. Мемлекет баға деңгейінің шектен тыс өсуін шектей отыра ғана бұл мәселе өз шешемін табады.

Қорытындылай келе, еліміздің экономикасын дамыту барысында әлі көптеген іс-шаралар, бағдарламалар жүзеге асыру қажет. Өсіресе, экономикаға тікелей әсер ететін жұмыссыздық және инфляциямен күрес шараларын одан әрі тоқтаусыз жүзеге асырып, болдырмаудың жолын қарастыруымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <https://egemen.kz/article/235276-shyghys-qazaqstan-oblysynynh-aleumettik-ekonomikalyq-damuyna-sholu>
2. <https://strategy2050.kz/news/10007/>
3. <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/o-am/item/405611-sh-o-zh-myspen-amtu-ba-darlamasy-na-77-mlrd-te-ge-b-lindi>
4. www.24.kz
5. <https://yvision.kz/explore>